

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Тарих факультеті  
Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы

Бекітілді  
Тарих факультетінің ғылыми кеңесінде  
Хаттама № 2 «28 қыркүйек» 2025 ж.  
Факультет деканы **Сарульхан Байтұрғанов Д.С.**



«1730442 Автоматтандырылған архивтік технологиялар» пәнінің  
**ҚОРЫТЫНДЫ**  
**ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

«6B03208 – Сандық архивтану және құжаттану»  
«6B03204-Архивтану, құжаттану және құжаттамалық қамтамасыз ету»

Курсы - 3  
Кредит саны - 9  
Семестр - көктемгі

Қорытынды емтихан бағдарламасын құрастырған: аға оқытушы Р.Е. Нурбатырова

«6В03208 – Сандық архивтану және құжаттану», «6В03204-Архивтану, құжаттану және құжаттамалық қамтамасыз ету» білім беру бағдарламалары негізінде әзірленген.

2025 жылғы «27» қыркүйектегі №1 хаттама негізінде Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының отырысында қаралып, ұсынылды.

Кафедра меңгерушісі  Мырзабекова Р.С.

Білім сапасы жөніндегі  
академиялық комитет төрайымы  Бижанова М.Т.  
2025 жылғы «05» қыркүйек, №1 хаттама

## КІРІСПЕ

«6В03208 – Сандық архивтану және құжаттану», «6В03204-Архивтану, құжаттану және құжаттамалық қамтамасыз ету» білім беру бағдарламалары бойынша бакалавриат даярлығы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен академиялық саясат талаптарына сәйкес қорытынды бақылау – емтиханмен аяқталады.

Қорытынды бақылауға оқу бағдарламасы мен жұмыс оқу жоспарына сәйкес пәнді толық меңгеріп, қажетті балл жинаған студенттер ғана жіберіледі. Емтихан академиялық күнтізбе мен жұмыс оқу жоспарында белгіленген мерзімде өткізіледі.

Қанағаттанарлықсыз баға алған студент пәнді қайта оқып, кредит құнын төлегеннен кейін ғана (ақылы негізде) қайта тапсыра алады. Апелляция қарастырылған. 25- 49 балл (FX) алған студент емтиханды қайта тапсыруға құқылы. Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейін ұсынылған медициналық анықтамалар қарастырылмайды.

Бағаны көтеру мақсатында емтиханды қайта тапсыруға жол берілмейді.

Емтихан сұрақтары тексеріліп, бекітіледі.

Бағдарлама «Univer» жүйесіне жүктеледі.

### **I. Қорытынды емтиханды өткізу ережелері**

Емтихан жазбаша түрде өткізіледі.

Емтихан барысын бақылау бейнебақылау камералары және кезекші оқытушылар арқылы жүзеге асырылады.

Емтихан сұрақтарының жалпы саны – 9; «Univer» жүйесі емтихан тапсырушыға автоматты түрде 3 сұрақ қалыптастырады.

Емтихан ұзақтығы – 2 сағат.

Жазбаша жұмыстарды емтихан комиссиясы тексереді.

### **II. Қорытынды емтиханды өткізу регламенті**

Емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.

Студент емтихан басталғанға дейін 30 минут бұрын аудиторияға келуге міндетті.

### **III. Емтихан нәтижелері**

Жазбаша жұмыстар тексерілгеннен кейін оқытушы балдарды «Univer» жүйесіне енгізеді.

Қорытынды ведомостьте балдар 48 сағат ішінде көрсетіледі.

Емтихан нәтижелері бейнебақылау жазбалары негізінде қайта қаралуы мүмкін.

Емтихан тапсыру ережелерін бұзған жағдайда студенттің нәтижесі жойылады.

# **ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ**

## **I. Архив ісін автоматтандырудың теориялық және әдіснамалық негіздері**

Архив ісін автоматтандырудың объектісі, пәні және ұғымдық аппараты.

Архив қызметін ақпараттандыру кезеңдері: механикаландыру, автоматтандыру, цифрлық трансформация.

Қазақстан Республикасындағы архивтерді ақпараттандырудың нормативтік-құқықтық негіздері.

Архив саласында автоматтандырылған технологияларды қолданудың негізгі бағыттары.

Архив ісін механикаландыру мен автоматтандырудың тарихи алғышарттары (XX ғасырдың екінші жартысы).

Архивтерге ақпараттық технологияларды енгізудің теориялық негіздері.

Архив қызметін автоматтандырудағы жүйелік талдау принциптері.

## **II. Архивтердің есепке алу және сақтау қызметін автоматтандыру**

Автоматтандырылған архивтік жүйелер архитектурасы: құрылымы және логикалық моделі.

Архивтік есепке алудың автоматтандырылған жүйелері: деректер иерархиясы және сақтау модельдері.

Архивтердегі ақпараттық-ізвестіру жүйелерінің теориялық негіздері.

Метадеректер – архивтік автоматтандырудың өзегі: стандарттар және қолдану тәжірибесі.

Гибридті архив жағдайында құжаттарды сақтау үдерісін ұйымдастыру.

Электрондық құжаттарды ұзақ мерзімді сақтау стратегиялары (форматтар, көшіру, тәуекелдер).

Шетелдік автоматтандырылған архивтік жүйелер: институционалдық модельдердің салыстырмалы талдауы.

## **III. Архив құжаттарын пайдалануды автоматтандыру және басқарушылық аспектілер**

Автоматтандырылған ортадағы электрондық құжаттардың өмірлік циклі.

Электрондық құжаттардың құндылығын сараптауды автоматтандыру.

Электрондық құжаттарды ұзақ мерзімді сақтауда тәуекелдерді басқару.

Архивтік ақпаратқа қолжетімділікті басқару модельдері.

Архивтік ақпараттық жүйелердегі ақпараттық қауіпсіздік.

Big Data және жасанды интеллект технологияларын архив ісіне интеграциялау.

Зияткерлік архивтерге көшу: даму перспективалары.

# ЕМТИХАНҒА ДАЙЫНДАЛУ ҮШІН ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

## Негізгі әдебиеттер:

- Ларин, М.В. Информационное обеспечение управления. – М.: РГГУ, 2019.
- Куняев, Н.Н., Кондрашова, Т.В., Терентьева, Е.В. Информационные технологии в документационном обеспечении управления и архивном деле. – М.: РГГУ, 2016.
- Ларин, М.В. Управление документами в цифровой экономике. – М.: РГГУ, 2021.
- Millar, L. Archives: Principles and Practices. – London: Facet Publishing, 2017.
- McLeod, J., Childs, S., Hardiman, R. Records Management in the Digital Age. – Routledge, 2010.

## Қосымша әдебиеттер:

- Duranti, L. & Preston, R. InterPARES Project. – Padova: ANAI, 2008.
- Shepherd, E. & Yeo, G. Managing Records: A Handbook of Principles and Practice. – Facet Publishing, 2003.
- Cox, R.J. Managing Records as Evidence and Information. – Routledge, 2017.

## Интернет-ресурстары:

- <http://www.rkcentidad.kz>
- <https://adilet.zan.kz>
- <https://elib.kaznu.kz>
- <https://elibrary.ru>
- <https://ieeexplore.ieee.org>

## ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫҢ КРИТЕРИАЛДЫҚ РУБРИКАТОРЫ

Пән: Автоматтандырылған архивтік технологиялар

Формасы: жазбаша (оффлайн)

Платформа: ИС Univer

Критерий	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттандырарлық	Қанағаттанарлықсыз
<b>1-сұрақ</b>	<b>27–30 балл</b>	<b>20–26 балл</b>	<b>14–19 балл</b>	<b>0–13 балл</b>
Ақпараттық технологиялардың теориялық негіздерін және олардың құжаттамалық камтамасыз етудегі рөлін түсіну.	Автоматтандырылған архивтік технологиялардың негізгі ұғымдарын толық әрі дәл ашады; архив ісін ақпараттандыру кезеңдерін жүйелі түсіндіреді; терминологияны сауатты қолданады; дәстүрлі және электрондық құжат айналымының айырмашылықтарын ғылыми негізде көрсетеді; нормативтік құжаттар мен ғылыми дереккөздерге сүйенеді.	Негізгі ұғымдарды біледі; түсіндіру дұрыс, бірақ жүйелілік жеткіліксіз; мысалдар шектеулі; терең талдау аз.	Теориялық негіздерді үстірт түсінеді; ұғымдар толық ашылмаған; терминологиялық қателер бар.	Сұрақ мазмұнын ашпайды; автоматтандыру негіздерін түсінбейді.
<b>2- сұрақ</b>	<b>27–30 балл</b>	<b>20–26 балл</b>	<b>14–19 балл</b>	<b>0–13 балл</b>
Электрондық құжат айналымы жүйелерінің құрылымы мен функцияларын талдау.	ЭҚАЖ және архивтік ақпараттық жүйелердің архитектурасын (деректер деңгейлері, метадеректер, есепке алу, сақтау және іздеу функциялары) жүйелі сипаттайды; үдерістердің өзара байланысын көрсетеді; функцияларды нақты тәжірибелік мысалдармен талдайды; архивтік үдерістерді автоматтандыру логикасын түсінетінін дәлелдейді.	Жүйелердің құрылымы мен функцияларын дұрыс сипаттайды; үдерістердің өзара байланысы жартылай ашылған; талдау бар, бірақ терең аргументация жеткіліксіз; мысалдар шектеулі.	ЭҚАЖ элементтері бойынша білім фрагментарлы; талдау үстірт; жүйелік көзқарас жоқ.	ЭҚАЖ және архивтік ақпараттық жүйелердің құрылымы мен мақсатын түсінбейді; талдау жоқ.
<b>3- сұрақ</b>	<b>35–40 балл</b>	<b>25–34 балл</b>	<b>15–24 балл</b>	<b>0–14 балл</b>
Ақпараттық жүйелерді, заманауи технологияларды және қауіпсіздік әдістерін тәжірибеде қолдану және бағалау.	Электрондық құжаттарды есепке алу, сақтау және пайдалануды автоматтандыру стратегияларын негізді талдайды; электрондық құжаттардың өмірлік	Заманауи технологиялар мен қауіпсіздік мәселелерін дұрыс сипаттайды; талдау бар, бірақ кейбір аспектілер толық ашылмаған;	Технологияларды қолдануды үстірт түсіндіреді; талдау әлсіз; қорытынды жасау логикасы анық емес.	Жауап сұраққа сәйкес келмейді; архив қызметінде автоматтандырылған технологияларды қолдануды түсінбейді.

	циклін дұрыс сипаттайды; ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін дәлелді түрде ашады; Big Data және жасанды интеллект технологияларын интеграциялау мүмкіндіктерін түсіндіреді; ғылыми негізделген қорытындылар мен практикалық ұсынымдар ұсынады.	қорытындылар жалпы сипатта.		
--	---	-----------------------------	--	--